

**Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы "Панфилов ауданы ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 825 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 09 қыркүйектегі № 466 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы "Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (2015 жылдың 23 қарашадағы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне № 3578 болып енгізілген, аудандық "Жаркент өңірі" газетінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 51 жарияланған) № 825 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Садықов Аскар Джумахановичке жүктелсін.

*Аудан әкімінің міндетін  
уақытша атқарушы*

*Ш. Құрбанов*